

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 шілдедегі N 905

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне және N 11987 Кепілдік хатына сәйкес, шетел мерзімі өткен төлемдерді (қосымшаға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының, өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына ,  
с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. "ТұранӘлемБанкі" жабық акционерлік қоғамына алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде жұмыстар жүргізу  
ұ с ы н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамаған тұлғаларды жауапқа тарту  
ж ө н і н д е ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және

"ТұранӘлемБанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджет есебінен орындаған заемшыларға қатысты қолданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 16 қыркүйектегі  
N 905 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттің кепілдігі бар  
мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдердің  
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем уақыты	
Канада несие желісі			
"Армавир" совхозы	USD	15.08.98	
"Аквест" БК	USD	15.08.98	
Барлығы	USD		
Төлем сомасы   Негізгі борыш   Проценттер   Басқалары			
244 752.70	217 686.56	25 446.65	1 619.49
938 495.81	757 351.86	165 639.16	15 504.79
1 183 248.51	957 038.42	191 085.81	17 124.28

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК